

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 290 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 тамыз N 1265. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.11.21. N 1636 қаулысымен. ~P971636

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 290 P970290_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 71-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

5-тармақтың 5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын ұйымдастыру-әдістемелік және жалпы техникалық талаптарды;

еңбек жөніндегі нормаларды, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (БТБА), Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын (БА), Жұмысшылар кәсіптерінің және қызметшілер лауазымдарының жіктегіші (ҚДЖ), ұйымдастыру, нормалау және еңбек ақы төлеу мәселелер жөніндегі нұсқаулықтарды өз құзыретінің шегінде белгілеу және бекіту".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі